

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің «Жұпар» бөбекжайы» КМҚК педагогикалық кеңесінің
№3 ХАТТАМАСЫ

Амангелді ауылы
Қатысты: 15 педагог.

27.01.2025 жыл

Тақырыбы: «Балаларды театрланған іс-әрекет арқылы коммуникативті дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың жүргізілуі»

Күн тәртібі:

1. Баяндама: «Тәрбиеленушілерге жалпы адами және ұлттық құндылықтарды театрландырылған қызмет арқылы тәрбие беру» – Сембина Кенжегүл
2. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды дамыту» – Достанбаева Қаршыға
3. Теориялық-практикалық материал: «Балалардың театрланған дағдыларын дамытуға арналған ойындар» жинағы – Каденова Гүлнұр
4. Көрме: «Менің сүйікті театрым» – театр түрлерінен көрме – Достанбаева Қаршыға
5. Қатысушылардың ой-пікірлері, ұсыныстары
6. Қорытынды

1. Баяндама:

Сембина Кенжегүл «Тәрбиеленушілерге жалпы адами және ұлттық құндылықтарды театрландырылған қызмет арқылы тәрбие беру» тақырыбында баяндама жасап, театрлық ойындар арқылы балалардың бойында мейірімділік, сыйластық, отансүйгіштік сынды құндылықтарды қалыптастыру жолдарын ұсынды. Ертегілер мен ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген қойылымдардың тәрбиелік мәні кенінен талқыланды.

2. Баяндама:

Достанбаева Қаршыға «Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды дамыту» тақырыбында сөз сөйлеп, балалардың тіл байлығын дамытудағы театрландырылған іс-әрекеттің тиімді тұстарын атап өтті.

3. Теориялық материал:

Каденова Гүлнұр «Балалардың театрланған дағдыларын дамытуға арналған ойындар» жинағымен таныстырды. Жинақта 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналған рөлдік, драмалық, қуыршақ және сергіту ойындары ұсынылған. Әр ойын бала тілінің дамуына, рөлдік мінез-құлық қалыптастыруға, өз ойын еркін жеткізуге бағытталған.

4. Көрме:

Достанбаева Қаршыға ұйымдастырған «Менің сүйікті театрым» көрмесі театр түрлерінің (саусақ театры, үстел үсті, көлеңке, қуыршақ, марионетка және балалар рөлімен сахналанған театр) макеттері мен көрнекі құралдарынан тұрды. Көрмеге ата-аналар мен тәрбиеленушілер де қатысты.

5. Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары:

• **Амирғазы Назгүл:** Театрлық ойындарды оқу іс-әрекетіне кіріктіру тиімді нәтиже береді.

• **Уаш Мерейгүл:** Ұлттық ертегілер мен салт-дәстүрлерге негізделген қойылымдар баланың рухани дамуына оң ықпал етеді.

• **Жақан Жанагүл:** Осындай іс-шараларды тоқсан сайын ұйымдастырып, тәжірибе алмасу ұсынылды.

6. Қорытынды:

• Театрландырылған іс-әрекет арқылы балалардың сөйлеу, қарым-қатынас, ұлттық құндылықтарды түсіну дағдылары тиімді дамиды.

- Театр түрлерін көрнекілікпен үйлестіріп пайдалану — балалардың шығармашылығын арттырудың бір жолы.
- Педагогтар мен тәрбиешілерге ұсынылған материалдар тәжірибеде қолданылуы тиіс.
- Жылдық жұмыс жоспарына театрланған іс-әрекеттерге арналған арнайы бөлім енгізу ұсынылды.

Шешті:

1. Сембина Кенжегүлдің «Тәрбиеленушілерге жалпы адами және ұлттық құндылықтарды театрландырылған қызмет арқылы тәрбие беру» тақырыбындағы баяндамасы негізінде әр топта ұлттық құндылықтарға негізделген қойылымдарды жүйелі түрде өткізу жоспарға енгізілсін.
2. Достанбаева Қаршығанын «Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды дамыту» тақырыбы бойынша ұсыныстарына сәйкес, барлық топтарда коммуникативтік бағыттағы театрлық ойындар мен көріністерді оқу қызметіне кіріктіру тапсырылсын.
3. Каденова Гүлнұр ұсынған «Балалардың театрланған дағдыларын дамытуға арналған ойындар» жинағы барлық тәрбиешілердің практикалық жұмысында қолдануға ұсынылсын. Әр апта сайын театрланған ойын түрлерін пайдалану жоспарға енгізілсін.
4. «Менің сүйікті театрым» көрмесі (Достанбаева Қаршыға) тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен жобасы ретінде оң бағаланды. Осындай көрмелерді жылына кемінде 1 рет ұйымдастыру және ата-аналар қауымын кеңінен тарту ұсынылды.
5. Театрландырылған іс-әрекеттер арқылы балалардың тілін, шығармашылығын, ұлттық сана-сезімін дамыту мақсатында әдістемелік құралдар мен көрнекі материалдарды толықтыру ұсынылды.
6. Тәрбиешілер арасында тәжірибе алмасу мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері, шығармашылық кездесулер мен әдістемелік семинарлар өткізу жоспарға енгізілсін.

Кеңес шешіміне келісемін-15

Қалыс қалған -жөк

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Е.Орымбаева

Ү.М.Үйсінбайқызы